

**Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік Комитетінің Қарағанды облысына индустриялық-инновациялық дамудың мемлекеттік бағдарламасын іске асыру, мемлекеттік тапсырысты орналастыру, Қазақстан Республикасының экономикасына тікелей шетелдік инвестицияларды тарту және жалпы алғанда өңірдің экономикалық дамуы мәселелері бойынша көшпелі отырысының қорытындылары бойынша ҰСЫНЫМДАРЫ**

Қарағанды қаласы

25 қыркүйек 2020 ж.

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитеті өз отырысында индустриялық-инновациялық дамудың мемлекеттік бағдарламасын іске асыру, мемлекеттік тапсырысты орналастыру, өңір экономикасына тікелей шетелдік инвестицияларды тарту және тұтастай алғанда өңірдің экономикалық дамуы мәселелерін қарай отырып, белгіленген тақырыптың маңыздылығы мен өзектілігін, сондай-ақ тиісті шараларды, оның ішінде заңнамалық сипаттағы шараларды іске асыру мақсатында ҰСЫНАДЫ:

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҮКІМЕТІНЕ:**

1. «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 215-бабының 2-тармағына жер қойнауын пайдаланушылардың тоқсан сайын сатып алынған тауарлар, жұмыстар мен қызметтер туралы есеп беруіне қатысты өзгерістер енгізу мүмкіндігі қарастырылсын.

2. Шаруашылық жүргізуші субъектілердің «адалдық презумпциясы» қағидатын енгізу бөлігінде мемлекеттік бақылауды (қадағалауды) жүзеге асыру кезінде заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау мақсатында Кәсіпкерлік кодекстің 3-бабының 2-тармағына өзгерістер мен толықтырулар енгізу мүмкіндігі қарастырылсын.

3. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына өзгерістер мен толықтырулар енгізу мүмкіндігін қарастыру:

3.1. отандық жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындары ынтымақтастығының консорциалдық моделін дамыту бөлігінде;

3.2. шетелдік инвестициялар саласында Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерлерде инвестициялық жобаларды қаржыландыру тетігін алып тастау бөлігінде.

4. Тұрғын үй-коммуналдық дамытудың 2020 - 2025 жылдарға арналған «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде жеке құрылыс салушыларға тұрғын үйлер, оның ішінде жалға берілетін тұрғын үйлер салуға, ауылдық елді мекендерде тұратын еңбек ететін азаматтарға субсидиялар беру мүмкіндігі қарастырылсын.

5. Жалпы ақпараттық-талдамалық базаны, негізгі көрсеткіштерді (өндірілетін өнім көлемі, рентабельділік, инвестициялық жобаны аяқтаған және инвестициялық жобаның пайдалану кезеңіне өткен орталық немесе өңірлік деңгейде іске асырылған салық аударымдары, мультипликативтік әсер және т.б.) талдай отырып, іске асырылған ИИДМБ жобаларын онлайн режимде қалпына келтіру мүмкіндігі қарастырылсын.

6. Жер қойнауын пайдалану саласындағы өнімді бөлу туралы келісімдерге мониторинг жүргізу және жобаларды іске асыру мерзімдері аяқталғаннан кейін оларды инвестициялық жобалар мен өнімді бөлу туралы келісімдер ретінде саралай отырып, қайта жасалсын.

7. Білім беру ұйымдарының отандық тауар өндірушілерден мектеп формасын орталықтандырылған сатып алуын қамтамасыз ету мүмкіндігі қарастырылсын.